

## **Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары саласында анықталған сәйкессіздіктер бойынша түзету іс- қимылдарының жоспары туралы**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ комплаенс-бақылау қызметі (*бұдан әрі – Қызмет, тиісінше Мемлекеттік корпорация*) Мемлекеттік корпорацияның Басқарма төрағасының 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 24 н/қ бұйрығын орындау үшін, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның комплаенс-тәуекелдерді басқару саясатының 5.7.5-тармағына сәйкес Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары саласында (*бұдан әрі – МХҚКО*) бизнес-процестерге тән сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа тәуекелдерге ішкі талдау жүргізді.

Талдау қорытындылары бойынша ақпараттық-талдамалық анықтама Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшелері ұсынған мәліметтерді кешенді қарау, жинақтау және жүйелеу негізінде дайындалды және белгіленген тәртіппен барлық мүдделі құрылымдық бөлімшелермен келісілді.

Талдау барысында қызмет қолданыстағы бизнес-процестердің ерекшеліктерін және оларды іске асыру ықтималдығына әсер ететін факторларды ескере отырып, сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелдерді сәйкестендіруді, бағалауды және жіктеуді жүргізді. Жұмыс нәтижелері бойынша анықталған тәуекелдерді митигациялауға, бақылау рәсімдерінің тиімділігін арттыруға және оларды іске асыруға ықпал ететін жағдайлардың алдын алуға бағытталған ұсынымдар кешені қалыптастырылды.

Анықталған сәйкессіздіктерді жоюға және тәуекелдер деңгейін төмендетуге дәйекті және жүйелі тәсілді қамтамасыз ету мақсатында МХҚКО дамыту департаменті Қызметтің ұсынымдары негізінде түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірледі және бекітті (*Мемлекеттік корпорация басқармасының төрағасымен*), нақты орындау мерзімдерін белгілей отырып және тиісті құрылымдық бөлімшелерге дербес жауапкершілікті бекіте отырып, өзара байланысты ұйымдастырушылық, әкімшілік және процестік іс-шараларды іске асыруды көздейді.

Жауапты орындаушыларды айқындау және бекіту Мемлекеттік корпорацияның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерде белгіленген өкілеттіктер мен жауапкершілік аймақтарын бөлуді ескере отырып, түзету іс-қимылдары жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту рәсімдері шеңберінде, сондай-ақ жоспарға енгізілген іс-шаралардың сипаты мен мазмұнын ескере отырып жүзеге асырылды.

Анықталған тәуекелдерді митигациялау бойынша көзделген шараларды іс жүзінде іске асыру мақсатында МХҚКО дамыту департаменті түзету іс-қимыл жоспарына 13 іс-шараны енгізді. Оларды іске асыру Мемлекеттік корпорацияның мүдделі құрылымдық бөлімшелерін тарта отырып жүзеге

асырылады және ішкі бақылау тетіктерін жетілдіруге, рәсімдердің ашықтығы мен қадағалануын арттыруға, МХҚКО саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің барлық кезеңдерінде есептілікті күшейтуге, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.